ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ — БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН

Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 38 (933) | 16 қыркүйек 2016 жыл | Жұма

Тәуелсіздікке 25 жыл

Мәдениет күні

ӘУЕЛЕГЕН ӘН, БҰРҚЫРАҒАН ЖУСАН

ұғымның егіздігін Алмалылық өнерпаздар жарқырата дәлелдеді.

Бір қарағанжаңа бұл жерде өнерлі жандардың шырқай салған әні мен байтақ даланың хош иісі бұрқыраған жусанының арасында қандай байланыс болуы мүмкін деген сауалдың туындауы әбден мүмкін. Мәселенің байыбына барып, терең үңілетін болсақ, ұлттық нақыштағы әуелей салынатын ән өнерді, ал жеріміздің шырайын арттыратын жусан төрт түлік малдың азығы – байлықтың көзін сипаттаса керек. Біз бұған өткен аптаның бейсенбісінде ұзын аққан Қараталдың төменгі сағасындағы ырыздығын жерден айырып, төскейін мыңғырған малға толтырып отырған Алмалы (Байшегір) ауылы өнерпаздарының өнеріне құлақ түріп, ден қойған сәтте айқын көз жеткіздік. Ежелден-ақ той-томалағы, отырыспа жиыны ән, жырсыз өтпейтін ауылдың бүгінгі жастары осы бір ізгі дәстүрді іліп әкетіп, жандандырып отырғаны қуантты.

Жадыратқан өнер шашуы

Әдетте дәулетіне қарай сәулеті, еңбегіне қарай өнбегі, мәдениетіне қарай өнері деп жатады. Нақ осы қағида еселі еңбек пен өрісті өнердің көкжиегін кеңейтіп отырған шалғайдағы Қаңбақты ауылдық округі жұртшылығының бүгінгі таңдағы тіршілік тынысына әбден жарасады. Неге десеңіз, Қараталдың қос қапталындағы жусаны мен изені бұрқыраған өрісі мыңғырған малға толы. Ал мал - халқымыздың байлығы. Ерінбей мал өсіріп, ортақ қазынаға үлесін қосып отырған шаруа қожалықтарына мемлекет тарапынан қазіргі көрсетіліп отырған қаржылай көмек қыруар-ақ. Алмалы ауылы тұрғындарының ауыз сумен, дәрігерлік

қызметпен қамтамасыз етілуі де қуантады. Ауылдың көркі мен ажары саналатын еңселі орта мектептің көрерменге лық толы залында «Өркендей бер, мәңгілік Қазақстан!», - тақырыбымен өткен Мәдениет күнінің беташары ұстаздар мен жоғары сынып оқушыларынан топтастырылған хордың «Қазақстан бақытты» патриоттық әнімен ашылды. Асқақ екпінмен шырқалған «Қазақстан тәуелсіз ел бақытты, тәуелсіз жер бақытты»,-деген жолдар мақтаныш сезімін оятты. Туған жерім – түп қазығым, тұғырым деп текке айтылмаса керек. Қырмызыдай құлпырған «Қыздар» вокальды тобы орындаған «Айналдым елім» әні тыңдаушылардың аяулы Атамекенге, қастерлі туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін оятты. Өзіне жарасты қара бұрым шашты Дильяра Орманбетова «Қазақ биін» тал шыбықтай майыса билеп, көпшілік ризашылығына бөленді. Осылайша ол өзгелерді көз тартарлық көйлегі емес, өзі билеп тәнті етті. Осыдан тура жүз жыл бұрын қазақ даласының әр қиырында ақ патшаның өктемдігіне қарсы бұрқ ете қалған ұлтазаттық көтерілісі басшысының бірі Б.Әшекеевтің ерлік ісін сипаттайтын оқушылар күшімен қойылған «Жетісу көтерілісі» драмалық қойылымының шағын көрінісі отты жылдардың ұшқынын елестете білді. Мәдени шараны әсерлі етіп жүргізуші Аружан Жасбатырованың тебіреністі жағдайда жеткізген ақын Қ.Сариннің «Тәуелсіздік» жыры да еркіндігімізді қастерлей білуге шақырды.

Соңы 2-бетте

Вести с полей

На днях, рисоводы ПСХК «Опытное», под руководством председателя Петра Ли приступили к сбору урожая. Несмотря на наступившую горячую пору, когда трудиться приходится с утра до ночи, настроение в коллективе замечательное.

ПРИШЛО ВРЕМЯ РИС УБИРАТЬ

Как отметил заместитель председателя по научной работе Александр Пак, в этом году общая площадь посевных земель в хозяйстве составляет 1994 га в т.ч. рис занимает 780 га. Уборку данного вида сельхозкультуры начали с 5 сентября. На сегодняшний день убрали более 20 га, со средней урожайностью порядка 30 ц/га. В уборочной компании участвуют 40 человек и используется более 30 единиц специальной техники.

Позже, агроном Мирон Хван, провез нас по полям, где мы встретились с работниками кооператива, которые работали с хорошим настроением и выполняли свои обязанности с высоким профессионализмом. Уделивший несколько минут нашей беседе бригадир Трофим Тигай, под руководством которого трудились механизаторы Тавлы–оглы Мустафа и Тавлы–оглы Руслан, выразил уверенность в том, что показатель урожайности, с продвижением работы, безусловно увеличится и не уступит прошлогоднему уровню, который в среднем составил по 38 ц/га. Такого же мнения придерживаются и остальные работники. Кроме этого, рисоводы отметили, что к 2020 году, на отечественных продовольственных рынках появится новый сорт риса, выведенный в «Опытном», который, как и производимые здесь сорта «Пак–Ли», «Заря», «Уштобинский», «Опытное», «Суаг» , придутся по вкусу населению.

Стоит отметить, что кроме риса, ежегодно, здесь также выращивают и другую сельскохозяйственную продукцию. Вот и нынче, 150 га в хозяйстве занимает озимая и 135 га - яровая пшеница, 430 га – ячмень. С проведением уборочных работ, их урожайность в среднем составила по 19, 7 ц/га, 14,4 ц/га и 14,7 ц/га соответственно. В ближайшее время, сельчане начнут убирать сою, расположенную на 150 га пашни. По сложившейся традиции, после завершения уборки их ожидают поощрения в виде премии (натуральным продуктом), что служит отличным стимулом в работе. Также, дважды в день рабочие обеспечиваются горячим питанием, которое для них поставляется прямо на полевой стан.

В завершении нашей встречи, руководство хозяйства заверило нас в том, что уборка риса и другой сельхозпродукции будет завершено в срок. Людей, и техники для этого у них вполне достаточно.

Н.ИВАНОВА

Құрбан айт

Адамның бойына изгіліктің нұрын құятын, жүрегіне имандылықтың отын ұялататын қайырымдылық пен мейірімділіктің бастау көзі саналатын Құрбан айт бар мерекенің төресі десек артық айтқандық болмас. Ақтық пен тазалықтың, әділдік пен адалдықтың жалауын желбіреткен мейрамды Қаратал жұрты кеңінен атап өтті.

ӨНЕР ЖӘНЕ СПОРТ САЙЫСТАРЫМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН МЕРЕКЕ

Айт намазға жығылып, құрбан шалғандардың қатары көп болды. Орталық мешіттен үш күн бойы өмірден өткен жақындарына құран оқытып, дұға бағыштаған адамдардың қарасы үзілмеді. Барын киініп, бақанын сүйрете, үй-үйді аралап: «Айт құтты болсын»!, «Жақсылығы бірге болсын!» деп ақ тілектермен алмасқан айттаушы топтарды да көзіміз көрді. Бірақ, біздің айтайын дегеніміз ол емес, мерекені жыр шумақтары және спорт сайыстарымен әспеттеп өрнектеген өнерпаздар мен спортшылардың өнері. Бағдарлама еңбек ардагері Нұрлан Ержігітов ағамыздың тағылымдық мәні бар батасымен ашылып, «ақынға қара сөзден өлең оңай» деген ақындардың жыр мүшәйрасымен басталды. Бұл сында осы басылымның меншікті тілшісі Лида Жанбота ешкімге дес бермей бас жүлдені жеңіп алды. Екі бірдей мерекені өлеңдеріне арқау етіп, мазмұнын ашқан көрікті жас өсу жолында екенін көрсетті. Келесі орындар болашақтарынан үміт күттіретін Құралай Көкенай мен Нұржан Рахметқазыновтың еншілеріне тиді. Батагөйлер бәсекесінде жетпістің желісіне салып, асыл сөзден маржан терген үш бірдей ақсақал Өмірбек Серікбай, Бейсенбай Есендіков және Нұрлан Ержігітов мәреге үзеңгілесе келіп, жүлделі орындарды өзара бөлісті. Ал мерекеге шуақты жыры мен ойлы әнін тарту еткен Құмдәулет Құрсабаев бауырымыз ұйымдастырушылар тарапынан арнайы сыйлықпен марапатталды. Желден жүйрік құс қанатты желаяқтар жарысында ересек балалар арасында екпіні дауылдай соққан Елдос Сүлейменов озды. Оның артын ала Истай Мамедов пен Бақытжан Сағымбай келді. Балғын жеткіншектердің ішінен

келешекте «аш бөрінің адымын аштырмайтын, өрен жүйрік боламын» деген Ислам Махамадов жеңіске жетті. Оның ізін суытпай басқан Сырым Кенжеғалиұлы мен Айдын Бодаубеков 2-ші жүлделерді міне тұтты. «Бұқа тұрмақ, нарды жығатын күші бар» жігіттердің қол күрестіруінде Дастан Жұмсақбаев дара шықты. Оған ұтылған Анзор Магомадов пен Амангелді Октябрь күміс пен қоланы олжалады. Ақыл мен ойдың ойыны саналатын, зияткерлік пен зеректікке бастайтын шахмат пен тоғызқұмалақта Ерлік Ерболғанов пен Рабиға Өмірханның мерейлері үстем болды. Тиісінше, оларға есе жіберген Рүстем Қалиахмет пен Даниял Аипов 2-ші, ал Советхан Өбеуов пен Салтанат Өмірхан 3-ші орындарға иелік етті. Дойбы тайталасында чемпиондық тәж Айдана Нүсіпке бұйырды. 2-ші жүлделер Диас Аипов пен Райымбек Естібаевтың қанжы-ғаларына байланды. Арқан тартуда құрамында «жауды көрсе жайнаған, бурадай тісін қайраған» бес бірдей бұқа мойын, бура сан жігіттері бар спорт бөлімінің командасы, соңғы сәтте, жеңісті жұлып әкетті. Оларға есе жіберген орталық мешіттің «Жамағат» тобы 2-ші жүлдегер атанды. Есімдері қалың жанкүйерге танымал ауыр атлеттерден жасақталған аудандық балалар және спорт мектебінің қырандары 3-ші орында қалып қойды. Мұндай тосын жай боларын ешкім күтпеген еді. Жастар арасында гір тасын көтеруде белгілі маман Д.Горяевтың шәкірттері алдарына жан салмады. Геннадий Сентябрев, Дмитрий Леонов, Анна Некрасова басқалардан оқ бойы озық шықты. Ардагерлер арасынан Арғымбай Сеитовтың шоқтығы биік болды, Алпыстың асуына көтерілсе де ол өзінен көп кіші қарсыластары Т.Дандыбаев пен Александр Булавиннің алдын орап кетті. Тойдың көркі болған қазақ күресінде 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде кілемге білектерін сыбанып, балақтарын түріп шыққандардың ішінен Мұстафа есімді палуан топ жарды. Ермек Тулақбаев пен Жафар бауырымыз тұғырдың 2-3 сатыларына орналасты. «Күш атасын танымас» деп, «Түйе палуан» атағын сарапқа салғандардың арасынан алысқаның алып ұрған Амангелді Октябрь алтынмен апталды. Ол ақтық сында Медет Жүндібаевқа қарсы қырқа шалу әдісін қолданып, оның жауырынын жерге тигізді. Кезінде елге танылған ардагер палуан, әмбебап спортшы, әрі жаттықтырушы Жоламан Даутов болса 3-ші жүлдені шаппай алды. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер орталық мешіттің Алғыс хаттары мен дипломдары және бағалы сыйлықтарымен (ақшалай, заттай) марапатталды. Мереке соңында оны ойдағыдай ұйымдастырып, жұртшылыққа қуаныш сыйлаған аудан имамы Әбудардан Таласбай қорытынды сөзін айтып, имандылық жолында белсене қызмет етіп жүрген ақсақалдардың иығына шапан жауып, қолдарына ақшалай сыйлық ұстатты. Марапаттар ағыны толастасымен барша жұрт аудан әкімі Қ.Бисембаевтың жетекшілігімен жайылған ақ дастарханнан дәм татты.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ

НҰР ОТАННАН АҚПАРАТ

●«Нұр Отан» партиясының «Бақытты балалық шақ» партиялық жобасы аясында К.Тоқаев атындағы орта мектебінің акт залында «Отбасы бақыт мекені» атты конфереция болып өтті. Шараға «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының есеп және статистика меңгерушісі Б.Сулейменова, аудандық білім бөлімінің маманы А.Қасиева, К.Тоқаев атындағы ОМ директоры А.Шмелева және мектеп психологтары М.Кобельдесова, А.Таласпаева, ата-аналар мен БАҚ

өкілдері қатысты. Конференцияны аталмыш мектеп директоры Анна Шмелеева ашып, «Нұр Отан» партиясының доктринасында айтылғандай отбасы-қоғамымыздың құндылықтарын сақтаудың аса маңызды институты. Ұрпақтар сабақтастығы, жасы үлкендерге құрмет көрсету, балаларға қамқор болу, еңбексүйгіштік пен білімге құштарлық дәл осы отбасында қалыптасады», - деді. Жиында видео –слайдтар көрсетіліп, ата-аналардың қатысуымен тренингтер өткізілді.

●«Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалы мен «Үштөбе» БПҰ ұйымдастыруымен «Бақытты балалық шақ» партиялық жобасы аясында өзге ұлт өкілдері отбасыларының арасындағы «Өнегелі отбасы» атты спорттық іс-шарасы өткізілді. Шара ауданымызда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің бірлігі мен татулығын өсіп келе жатқан жас буынға өнеге ретінде көрсету, болашақта да осындай мерейлі отбасыларының көп болуына септігін тигізер деген өз мақсатына жетті.

● Партияның аудандық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде аудан әкімі аппаратының заңгері Ж.Ұзақова, №97 балабақшасының психологы Н.Шотабаева, «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері тематикалық қабылдау жүргізді. Жеке мәселелерімен келген Бастөбе, Жаңаталап ауылдарының тұрғындары заң аясында тиісті жауаптарын алды.

●Үштөбе қаласындағы «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында салынып жатқан 320 орындық балабақшаның сапалы салынуы, құрылыс кезінде барлық техникалық талаптардың сақталуы, заманауи технологиямен жабдықталуын қадағалау комиссиясы құрылған еді. Комиссия аталған нысананды тексеруге өзінің кезекті рейд жұмыстарын жүргізіп, құрылыс жұмыстары барлық талапқа сай және өз уақытылы орындалып жатқандығын анықтады. Балабақша құрылысын «TOLAGAI-2050» ЖШС жүргізуде. Жоспар бойынша құрылыс үстіміздегі жылдың 20 қыркүйегінде аяқталады деп күтілуде.

●Жолбарыс батыр ауылдық округіндегі «Кәлпе» ОМ мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Ж.Тасыбаев, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Т.Керімбеков, аудандық орталық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ж.Оязбаева, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының есеп және статистика меңгерушісі Б.Сулейменованың қатысуымен көшпелі қоғамдық қабылдау өтті. Кездесу барысында ауыл тұрғындары ауылға қатынайтын жол мәселесін қозғады. Сонымен қатар қабылдау барысында тұрғындар жеке мәселелеріне қатысты сұрақтар қойып, тиісті жауабын алып, ризашылықтарын білдірді.

Во исполнение протокольных поручений, данных на заседании Координационного совета в области социальной защиты инвалидов, прошедшего под председательством заместителя Премьер-Министра страны, в центральном парке прошло спортивное мероприятие, организованное районным отделом занятости и социальных программ и районным отделом физкультуры и спорта, в котором приняли участие около 30 каратальцев, с ограничениями в здоровье. Проходившие соревнования были посвящены предстоящему «Дню инвалидов и пожилых людей» и 25-летию независимости Казахстана.

СПОРТ НЕ ВЕДАЕТ ГРАНИЦ

Состязания проходили по пяти дисциплинам. Так, в соревнованиях по перетягиванию каната между командами общественных объединений «Алпамыс» и «Казахское общество слепых», победили алпамысовцы. В индивидуальных соревнованиях- гонках на колясках, первое место выиграл Бауыржан Жолдыбаев, а второе – Галия Дюсембекова. В гиревом спорте сильнейшим оказался Александр Пак, второе и

третье места поделили Азамат Абдраимов и Нурболат Бутабаев соответственно. В соревнованиях по шашкам 1 место заняла Евдокия Ли (руководитель ОО «Алпамыс»), второе – Марат Сисенбаев. В состязаниях по шахматам победу одержал Тлеутай Садвакасов, а вторым стал Ерлан Джубаев. Всем победителям и призерам были вручены ценные подарки.

Бастау-ақпарат

ӘУЕЛЕГЕН ӘН, БҰРҚЫРАҒАН ЖУСАН

ұғымның егіздігін Алмалылық өнерпаздар жарқырата дәлелдеді.

Соңы. Басы 1 бетте

Ар мен намыстан жаратылған қазақ қыздары мен арыстан жүректі жігіттеріміз қашан да мақтанышымыз. Осы тақырыптың мәнмағынасын ашуға арнап Әйгерім Рысбек пен Сәулет Ақберлінің бірін бірі толықтыра орындаған «Мен қазақтың қызымын» және «Алға қазақ жігіттері» әні жігерге жігер қосты. Сегіз өнерлі жастан құралған ұлт-аспаптар ансамблінің орындауындағы «Би күйі» мен әжелер тобы шырқаған «Ахау керім» және «Дедімай-ау» халық әні қазыналы ұлттық өнеріміздің жауһары молдығынан хабардар етті. Осы әсерлі сезімді Гүлжанат Қасымбаева төгілдірген «Көңіл толқыны» күйі мен Мейрамбек Адамбектің адамгершілікті қастерлеуге арналған терең ойға, жоғары жауапкершілікке жетелейтін «Ана өсиеті» термесі толықтыра түсті. Бойларына жарасты ұлттық киім киген «Балдәурен» бишілер тобының орындауындағы «Жастар биі» жалындаған жастықтың жарқ-жұрқ еткен әсерлі шақтарын көзге елестетті. Үлкендер жағы «Қайран, жастық-ай!»,-деп таңданысты. Ынтымағы жарасқан ауыл Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Әділғазы Мұса әзірлеген концерттік бағдарлама әншілер Әйгерім мен Толқынның тамылжыта салған «Мереке» әнімен түйінделді. Осыны, онда да әсем ән мен тәтті күйді қастер тұтатын ауыл өнерпаздары өміршең өнерімен көпшілікті тәнті етті. Мәдениет күніне аудан әкімінің орынбасары К.Байтаева қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Жалғасын тапқан жарасым

Қаладағы майдангер жазушы Кемел Тоқаев атындағы орта мектептің өнерпаздары әп дегенде өнер кешін өзгеше жүргізуімен ерекшеленді. Дөңгелек үстел басындағы ақсақал мен бәйбіше, ұлы мен келінінің өзара тілдесуі арқылы сахна саңлақтарын қисындатып рет-ретімен таныстырып отырды. Болашағынан мол үміт күттіретін Ажар Арқабаеваның (8-сынып) шырқай салған «Сәлем, саған туған жер» әні баршамыз қастер тұтар туған жердің мерейін асқақтатты. Ажар кейінгі кезекте «Мейірім көп болса, басыңа бақ қонса»,-деген тілектен тұратын әсем әуезді «Шіркін-ай!» әнін орындады. Көрген көзді сүйсіндіретін бес биші қыз «Әке толғауы» биін нақышына келтіріп биледі. Жас ұстаз Мақпал Тұрысбекова Мұқағали ақынның сүйіспеншілікпен жырлаған «Қайран, Қарасазым» әні туған жердің аспанында қалықтады. Төртінші сынып оқушысы Ерасылдың асқақ жігермен шырқаған «Қазақтың баласымын» әні намыс туын биік көкте самғатты. Оқушыларға алғашқы әскери дайындықтан сабақ беретін

ұстаз Нұрлан Сауранбайұлының жауынгерлік сайыс тәсілін қолданған шәкірттерінің сүйемелдеуімен орындаған «Десантшылар» әні әсершілігімен ерекшеленді.

Кештің сәні қашан да бі ғой. Орыс халқының ұлттық киімін киген бір топ жоғары сынып оқушылары шыр айнала жүріп халық биін келістіре биледі. Оныншы сынып оқушысы Александр Матузюк Елордамыз Астанаға арналған «Моя столица», ал ұстаз Андрей Долженко «Сниться мне деревня» әнін шырқады. Көрермендер назарына халқымыздың тұрмыс салтынан хабардар ететін «Қыз ұзату» көрінісі көрсетілді. Қала мектептері арасында жарасымды жалғасын тапқан өнер кеші көтеріңкі көңіл күйде шырқалған «Атамекен» әнімен қорытындыланды.

Қ.ҚОНЫСҰЛЫ.

Пролетело незаметно лето. Впереди - долгая зима. Благо, с доставкой угля в район нынче нет никаких проблем.

А вы готовы к ЗИМЕ?

В этом году доставкой угля занимаются 5 предприятий: ТОО «Ауылтехника» и ТОО «Бекбосынов» а так же ЧП «Сауда көмір», ЧП «Идигова»,ЧП «Ин-сан».

По данным отдела ЖКХ Каратальского района потребность угля для населения (10678 дворов) составляет 50 тысяч тонн. Завезено угля около 10,5 тыс. тонн, что составляет 21% от общей потребности. Имею-щийся на складах уголь реализуется в среднем по 10500 тенге за тонну.

ПРИГЛАСИТЕЛЬНЫЕ ОТКРЫТКИ, КАНЦТОВАРЫ в большом ассортименте в Каратальской типографии! Тел: 2-10-71, 2-17-88.

Отдел службы пробации сообщает

В период с 12 по 18 сентября текущего года проводится РПМ «Альтернативник», основной целью которого является профилактика правонарушений и повторных преступлений со стороны лиц, осужденных к наказанию без лишения свободы, состоящих на учете в отделе службы пробации (ОСП). Инспекторами ОСП Каратальского района проверяются все осужденные без лишения свободы по месту жительства по административной базе данных и другим учетам органов внутренних дел на предмет своевременного выявления с их стороны правонарушений и повторных преступлений. Проводятся индивидуальные профилактические беседы. К лицам, нарушающим порядок и условия отбывания наказания без изоляции от общества, будут своевременно применяться меры воздействия в законодательном порядке. Также при проведении РПМ «Альтернативник» ведется взаимодействие с участковыми инспекторами отдела МПС Каратальского РОВД. В случае выявления нарушений среди осужденных, то есть административных правонарушений, уголовных проступков, а также уголовных преступлений, совершенных осужденными, материал будет направляться в суд для решения вопроса о замене не отбытой части наказания в виде ограничения свободы – лишением свободы.

А. ЧЕИРХАНОВА,
старший инспектор ОСП Каратальского района, капитан юстиции

АДМИНИСТРАТИВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НАРУШЕНИЕ СРОКОВ ОБРАЩЕНИЯ ЗА РЕГИСТРАЦИЕЙ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОСТЬ

Согласно пункту 1 статьи 9 Закона «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество» от 26.07.2007 года- лицо обязано обратиться с заявлением о государственной регистрации не позднее шести месяцев с момента наступления юридического факта, являющегося основанием для возникновения права (обременения права), в том числе нотариального удостоверения договора, вступления в силу решения суда, выдачи иных правоустанавливающих документов, за исключением случаев, предусмотренных пунктами 4 и 5 настоящей статьи.

В виду чего, лицо обязано обратиться с заявлением о государственной регистрации не позднее шести месяцев с момента наступления юридического факта, являющего основанием для возникновения права с приложением правоустанавливающих документов (решение суда, постановление или решение акимата, договора купли-продажи, дарения, мены, свидетельства о праве на наследство, акты приемок объектов в эксплуатацию и др.). В связи с чем, заявитель в случае нарушения срока подачи документов на государственную регистрацию несет административную ответственность, предусмотренную статьей 460 КоАП РК. При этом регистрирующий орган в случае обнаружения пропущенного срока составляет протокол об административном правонарушении в отношении правообладателя недвижимого имущества. Из указанного следует, что лицо допустившее нарушение срока регистрации подлежит административной ответственности за каждый факт совершенного правонарушения.

В соответствии со статьей 224 ГК имущество крестьянского хозяйства принадлежит его членам на праве совместной собственности, если договором между ними не установлено иное. Также стоит отметить особенности регистрации прав на недвижимое имущество, принадлежащих членам крестьянского или фермерского хозяйства предусмотренные статьей 50 Закона о том, что при регистрации прав на недвижимое имущество членов крестьянского или фермерского хозяйства в правоустанавливающем документе должны быть указаны все члены такого хозяйства. Согласно пункту 4 статьи 22 Закона при государственной регистрации возникновения, изменения или прекращения права общей совместной собственности заявление о регистрации может быть подано всеми участниками либо одним из них с представлением согласия остальных участников, удостоверенного в нотариальном порядке. Кроме того, под крестьянским или фермерским хозяйством понимается трудовое объединение лиц, в котором осуществление индивидуального предпринимательства неразрывно связано с использованием земель сельскохозяйственного назначения для производства сельскохозяйственной продукции, а также переработкой и сбытом этой продукции (пункт 1 статьи 41 Предпринимательского кодекса РК). Вместе с тем, статьей 28 КоАП предусмотрено, что административной ответственности подлежат физическое вменяемое лицо, достигшее к моменту окончания или пресечения административного правонарушения шестнадцатилетнего возраста и юридическое лицо. Из чего следует, что крестьянское или фермерское хозяйство является разновидностью индивидуального предпринимательства (т.е. является физическим лицом), а не юридическим лицом, в связи с чем, его глава не может индивидуально привлекаться к ответственности за всех членов крестьянского хозяйства.

Таким образом, члены крестьянского хозяйства, обладая недвижимым имуществом на праве общей совместной собственности, несут персональную ответственность за своевременную регистрацию прав в связи с чем, каждый из них по отдельности несет административную ответственность.

Т. ТУРСЫНБАЕВ,
инспектор Управления юстиции Каратальского района, член Союза юристов РК

Отбасы күні

Ия, еліміз тәуелсіздігін алып, етек-жеңін жиған сәттен бастап, салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен дініміз, мәдениетіміз қайта жаңғырып, аталып жүрген мерекелермен қатар, көптеген даталы күндер де өмірге келіп жатыр, өрине, Президентіміз Н.Назарбаевтың бастамасымен. Қалыптасқан дәстүр бойынша «Отбасы күні» мерекесіне орай республикалық деңгейде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы ұйымдастырылып, көпке үлгі, өнеге болып жүрген отбасылар арнайы сый-сияпаттарға бөленіп, халыққа кеңінен таныстырылуда.

ҮЛГІЛІ ШАҢЫРАҚТЫҢ ИЕСІ

Республикалық «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жыл өткен сайын түрленіп, кемелденіп, өзіндік ерекшеліктерімен көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге арналған бұл шараға ден қоятындардың саны көбеюде. Осынау мерейлі топтың қатарында облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына Қаратал ауданынан қатысқан – Әбеновтар отбасы. Мереке қарсаңында біз үлгілі шаңырақ иелерінің тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан едік.

Бақыт деген ұғымды бір-бірінің махаббатынан, қас-қабағынан іздеп, толайым тағдырдың ыстығына күйіп, суығына тоңып бірге күн кешіп келе жатқан Төлеген ата мен Роза апа болса керек. Ауданымыздың ардақты азаматтарына айналып отырған үлгілі шаңырақтан ұлықты ұл ұяға, қылықты қыз қияға қонды. Шырайлы жүз-дерінде нұр ойнап, жүректері шапағат пен махаббатқа толы Төлеген ата аяулы жарымен шаңырағына келген қонақтарын ыстық ықыласпен жадырай қарсы алды. Мол жайылған ақ дастарқан басында біз береке мен ырыс ұялаған шаңырақ иелерінен «бақыт формуласын» тарқатуды өтінген едік. Салиқалы түрде жауап берген Төлеген ата: «Отан отбасынан басталады, әуелі жастар алға мақсат қойып, ата-аналарының разылығын алып, асыл дініміз - ислам дінінің шариғи үкіміне қиғаш келмейтін жағдайда отбасын құрып, қандай қиындықтарға тап болса да шаңырағын шайқалтуға екеулеп жол бермеу керек. Біз осы қағиданы берік ұстандық. Отанның іргесін берік ұстау отбасын дұрыс алға сүйреуден басталады», - деп әңгімені әріден өрбітті. Отбасын құру бақыт боп саналса, ата-ана болу бақыты мүлдем ерекше. Адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы - ата - ана. Бала әкеден - ақыл, анадан - мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі болса, ана отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы. Ұлтымыз-да «Ұяда не көрсең, ұш-қанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Бала қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек»- деп отбасылық тәрбиеге ерекше мән бердік. «Үлгілі отбасы – қоғам тірегі. Жұртқа үлгі болу үшін, ең алдымен, өзің үлгі көрсетуің керек. Қызметте алда болып, адал еңбегіңнің жемісін көруге ұмтылу қажет - дейді әулет басшысы Төлеген Әбенов.

Отанының кішкентай көбелегі,
Отбасында гүлденіп, көгереді.
Қараталда мерейлі шаңырақ көп,
Бола білген көпке үлгі, өнегелі.

Әбеновтар отбасы екі бала өсіріп, үш немере тәрбиелеп отыр. Балалардың тәрбиесінде еңбекқорлық, үнемі ізденіс, әділдікті басшылыққа алады және өнегелі жаңұядан үлгілі ұрпақ өседі деп есептейді екен. «Шаңырақ берік болуы үшін, жастарға төзімділік пен сабырлық танытып, отбасылық тәрбиенің жақсы сабақтастығын үзбеу керек», - дейді мерейлі жұп әңгіме барысында.

«Үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білуді бала кезден бойға сіңіру маңызды. Бұл қазақы тәрбиенің негізі. Бала бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбилеуге үлкен мән берген жөн. Наныңды адал еңбекпен табу керек. Мерейлі отбасы өзінің жаңұясына ғана емес, қоғамға да мейірімді болуы тиіс. Қоғамда қазір жетім-жесір, қариялар көп, мұндайды болдырмауға атсалысып, жанашырлық көзқараспен қарау қажет», - деген ойымен бөлісті отанасы Роза апа. Төлеген Әбенов саналы ғұмырын халқымыздың денсаулығын сақтау жолында өткізген жаны ізгі, алақаны шипалы, жоғары білімді, I категориялы хирург дәрігер. Адал еңбегі мен маңдай тері бағаланып, әр жылдары үлкен марапаттарға да бөленеді. Алтын асықтай ұлы мен күміс қасықтай қызын да тәрбиенің мол қайнарынан сусындатып, жоғары білім алуларына себепші болды. Қазір екеуі де бір-бір шаңырақтың тірегі мен ұйытқысы болып отырған ардақты азаматтар. Қызы Толқын Әбенова әке жолын қуып білікті дәрігер атанған. Қазіргі таңда аудандық ауруханаңың жан сақтау бөлімінің меңгерушісі болса, күйеубаласы Әділ Қайынбаев – невропатолог, немересі ДаниярҚайынбаев осы ауруханада гемодиализ бөлімінің меңгерушісі, ал ұлы - «Тамас» ЖШС-де менеджер болып еңбек етуде. Жаңұяның шуағы әрі ұйытқысы болып отырған Роза апа болса білікті ұстаз. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, бүгінде құрметті демалыста, балдай тәтті немерелерінің қызығын қызықтап отырған жайы бар. Бір айта кетерлігі, Әбеновтар отбасы дәрігерлер династиясы болып есептеледі. Дәрігерлік дәстүрді жалғастыруды мықтап қолға алған тағылымды жаңұяның мектеп қабырғасында оқитын қос немересі де болашақта дәрігер мамандығын таңдауға бекінігті.

Ата сөзін жықпайтын, баталы ауыз бақытты жұптан кейінгі жастарға айтар өсиеттеріңіз бар ма деп сұраған едік. «Бүгінгі таңда «жараспады, ажырасты» деген сөзді жиі еститін болдық. Ондайға жол бермеу үшін ең бастысы, жастар бір-бірін түсіне білу керек. Бірі ашуланғанда екіншісі кішірейетін болса үй ішінде ұрыс-керіс болмайды. Жөнсіз дау көтермеу керек, айқай – шайтанның азаны дейді ғой атам қазақ. Ұрыс тұрған жерде береке-бірлік тұрмайтыны белгілі. Ал енелерге айтарым, қызын берсе бақытын тілеп, келін алса қызындай көретін болса, екі жастың арасына түспей, ақылын айтса жастар бақытты ғұмыр кешеді. Еліміздегі үлгілі, мерейлі отбасылар көбейер еді», - деп тәрбие жайлы ой толғап отыр қос бәйтерек. Осындай керегесі кеңге кеткен мерейлі шаңырақтардың қатары арта берсін деген тілегіміз бар.

Дина ЖАНБОТА

Тәуелсіздік шежіресі (Тарихи хронология)

Ресей империясының құрсауында

